

С. Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии - новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 летию С. Сейфуллина. - 2019. - Т.І, Ч.1 - Б.69-70

## ФИТОПРЕПАРАТТАРМЕН БІРГЕ ЖІТІ-КАТРАЛЬДІ БРОНХОПНЕВМОНИЯСЫН ЕМДЕУ ӘДІСТЕРІ

*Бақытқали Г. С., Терликбаев А. А.*

Бұзаудың тыныс алу органдарының аурулары, әсіресе бронхопневмония, шаруашылықтарға айтарлықтай экономикалық зиян келтіруді жалғастырады және ветеринария үшін күрделі мәселе болып табылады және жануарларды емдеу шаралары қалаған нәтиже бермейді [1,2]

Тәжірибеде серозды-катаральды бронхопневмониямен ауыратын қараала голштинді тұқымды бұзаулар алынды, оларды 2 тәжірибелік және бақылау тобына бөлдік. Емдеуге дейін жануарлардың кешенді түрде тән белгілерді анықтап жан-жақты зерттелді. Дене температурасы 41,50 ° С, шырышты қабықтың гиперемиясы, мұрын қуысынан серозды – катаральды ақпалар ағуы және құрғақ, ауыр жөтел байқалды. Аускультация кезінде қатты везикулярлы тыныс алу және құрғақ сырылдар байқалды. Тәжірибелік және бақылау топтарының бұзауынан кешенді емдеу препараттарын енгізгенге дейін және қалпына келтіру күніне дейін морфологиялық және биохимиялық зерттеулер жүргізілді.

Тәжірибелік және бақылау топтарының бронхопневмониясымен ауыратын бұзауларын емдеу схемасы

1 тәжірибелік топ (n=5) M±m	2 тәжірибелік топ (n=5) M±m	Бақылау тобы (n=5) M±m
Фитопрепарат «Хартолепис» 15 мл препаратын 200 мл суменараластырып, ауызарқылы беріледі. Күніне 2 рет. «Энрофлокс» препаратынтеріастына 1 мл - 10 кг. Біраймаққа 10 мл артық емес. Күніне 1 рет. Витамин «Тетравитам» бұлшықетке 2мл бірбасқа, 10 күнге.	Фиторепарат «Кузиния крылатая» 15 мл препаратын 200 мл суменараластырып, ауызарқылы беріледі. Күніне 2 рет. «Энрофлокс» препаратынтеріастына 1 мл - 10 кг. Біраймаққа 10 мл артық емес. Күніне 1 рет. Витамин «Тетравитам»	«Энрофлокс» препаратынтеріастына 1 мл - 10 кг. Біраймаққа 10 мл артық емес. Күніне 1 рет. Витамин «Тетравитам» бұлшықетке 2мл бірбасқа, 10 күнге.

	бұлшықетке 2мл бірбасқа, 10күнге.	
--	--------------------------------------	--

Бірінші бұзаудың сауығуы емдеу басталғаннан кейін алтыншы күні басталды. Бұзауларда клиникалық және жалпы жағдайы жақсарған, тәбеті жақсы, аускультация кезінде өкпеде сырыл болған жоқ, жөтел және патологиялық мұрын қусына нақпалар байқалмады. Барлық топтың соңғы сауығуы 9 күнде байқалды, бұл зерттеу де клиникалық көрсеткіштері және зертханалық нәтижелері дәлелдейді.

Сонымен, зерттеулердің клиникалық және зертханалық нәтижелері мен расталады. Бақылау тобындағы бұзаулардың сауығуы тәжірибелік топқа қарағанда ұзағырақ болды.

Бронхопневмонияны емдеудің кешенді әдісін қолданғаннан кейін 1 тәжірибелік топтағы хартолеписифитопрепаратымен бірге алғашқы күні 6 күні басталды, ал 2-ші тәжірибелік топта крылатая кузинния қолданылған топта, сауығудың күні 7-ші күні басталды, ал бақылау тобында 10-шы күні басталды.

Осылайша, антибиотиктер мен кешенді витаминдердің үйлесімінде фитопрепараттардың терапиялық тиімділігі сауығуға және емдеу мерзімін қысқартуға ықпал етеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Мухутдинова, Д. М. Результаты комплексного лечения телят, больных неспецифической бронхопневмонией / Д. М. Мухутдинова, Т. А. Пахомов, К. Х. Папуниди // Ветеринарный врач. 2001. - № 1. - С. 32-35.
2. WYMANN M., BONFON B., SCHELLING E., BENGALY S., TEMBELY S., TANNER M., ZINSSTAG J.: Calf mortality rate and causes of death under different herd management systems in priurban Bamako, Mali. Livestock Sci., 2006, 100, 169-178.